

Әдеби
мемуарлар

БАҒЫРЖАН НОМАНҮЛІ
ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР





БАУЫРЖАН
МОЛЫШУЛЫ
туралы естеліктер



Алматы "Білім" 2005

ББК 63.3(5 қаз)

М 67

*Құрастырғандар: Мекемтас Мырзахметұлы,
Рақымбай Сатаев*

М 67 Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер. — Алматы:
“Білім” баспасы, 2005. — 208 бет+ 8 бет сурет.

ISBN 9965-09-352-0

“Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер” деп аталатын бұл кітап Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасын мүсіндеуге арналған. Баукеңмен қатар жүрген замандастарының, көз көрген ізбасар інілерінің, балаларының жүрек жарды сырлары мен мақалалары шынайы фактілер аясында қызғылықты баяндалған.

Бұл естеліктер кітабын батырдың 100 жылдығына орай жинақтап, ел-жұртына ұсынып отырмыз.

М $\frac{0503020905}{412(05)-05}$

ББК 63.3 (5 қаз)

ISBN 9965-09-352-0

© “Білім” баспасы, 2005

БЕТАШАР СӨЗ ОРНЫНА

Аты бүкіл әлем халқына аңыз боп тараған қазақ елінің ақиық қыраны Бауыржан Момышұлының қайталанбас ғажайып сырға толы өмір жолы мен көркем туындылары жөнінде сан тарапты пікір айтылып, талассыз жазылып келе жатқан мақала, зерттеу кітаптар қаншама! Бір таңданар жай — Баукеңнің өз шығармалары мен ол жайлы жазылған кітап атаулының бәрі де тез таралып кететін ерекшелігі бар.

“Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер” кітабында Баукеңнің қанды майдан мен соғыстан кейінгі шығармашылық өмір жолы әр қырынан алынып, тұңғыш рет өз алдына жеке топтастырылып отырған естеліктер арқылы жан-жақты суреттеліп деректі мағлұматтар негізінде берілген. Естеліктерді жазуға қатысқан авторлардың құрамы Баукеңнің майдандағы жолдастарынан бастап бейбіт өмірде қоян-қолтық араласқан қаламдас дос-жарандары, әскери шәкірттері, туыстары жазған естелік болуымен де ерекшеленеді. Баукең туралы жазылып бір жерге топтастырылған бұл естеліктерді тек бастама ғана деп білмек керек. Өйткені шын мәніндегі, жан-жақты терең қамтылған Баукеңнің өмір жолы мен ол кісінің өз аузынан жазылып алынған күнделік-естеліктер қазірдің өзінде жазылып жатыр. Бұл ізгілікті әрекетке қоса шалқар дария айдынына құйып жатқан мың бұлақты арналы өзендердің саласындай Баукеңмен түрлі қарым-қатынаста болған сан қилы тағдырды бастан кешкен адамдардың естеліктері қосылып уақыт өткен сайын молыға бермек, яғни үлкен де көлемді естелік өз алдына дербес түрде алдағы уақытта жарияланбақ.

1970 жылы Бауыржан Момышұлының алпыс жылдық мүшел тойы Мұхтар Әуезов атындағы академиялық Қазақ драма театрының үйінде мерекелен еді. Сол дуылдаған мереке үстінде ақындар бірінен соң бірі мінбеге көтеріліп, той иесіне арнаған өлеңдерін оқыды. Әсіресе ірі толғамның ақыны Хамит Ерғалиев “Сардар дос” деп аталатын арнау өлеңін оқып, жиналғандарды бір серпілтіп тастады. Хамаң батыр

ағасына шын жүректен “Орамал тон болмайды, жол болады” деген қазағымның салты бар” деп өлең жазылған сәнді қойын дәптерін қоса сыйлады

Той енді Баукеңнің үйінде одан ары жалғасты. Тағы да ақындар өлең оқып, марапат сөздер айтылып, үй іші ән мен жырға толды. Жұрт тарқамай жатып-ақ Баукең тойға әкелген тарту-таралғыларды ағайын-туыс, жора-жолдастарына үлестіре бастады. Кейде алыстан сапар шегіп қайтқанда, әкелген сый-сияпаттарын базарлық деп үлестіріп беріп, аз не көп үлес тиген туыстарының қас-қабағын жазбай танып, оларды ажуа-қалжыңға айналдырып рақаттана күліп отыратын әдеті болушы еді. Бір кезде той тарқап, қонақтар қамымен зыр жүгіріп жүрген мені қасына шақырып алып:

— Әй, доцент (ол кезде мен КазПи-де оқытушы едім, кейде көңілі түскенде осылай дейтін. — М.М.), сен қағаз құмар жансың ғой, мә, саған осы лайықты, — деп ақын Хамаң сыйлаған өте сәнді қойын дәптерін маған берді. Қуанғанымнан рақмет айтуды да ұмытып кетіп, қойын дәптерін ашып қарасам: “Личный блокнот Мекемтаса Мырзахмет Құлиі, Б.Момышұлы”, — деп жазылған екен. Бұдан басқа онда “Бауыржан Момышұлына! Хамит Ерғалиұлынан. Сардар ілтипатымен сақтамағы үшін” деген қолтаңба да бар екен.

Сұр қабы бар, сырты қызыл, іші бірде ақ түсті, бірде көк түсті болып алмасып отырған өте сирек ұшырасатын қойын дәптері еді бұл. Бұған көпке дейін не жазарымды білмей жүрдім, ұсақ-түйек нәрселер жазуға қимадым.

Сол жылы, Баукеңнің тапсырмасы бойынша, барлық қолжазбаларын, хат, сурет, қолдан өзі сызған майдандағы жорық карталарын, әр түрлі құжаттарын, сирек ұшырасатын кітаптарын Қазақ ССР-інің Орталық Мемлекеттік мұрағатына өткізу үшін ретке келтіріп, жіктей бастадым. Мұрағатқа тапсырар қағаздарды ақтарып жүріп, көптеген арнау өлеңдерді қызыға оқыдым. Оларды көшіріп алу үшін Баукеңнен рұқсат сұрап едім:

— Әй, доцентсің бе, пацентсің бе өзің?! Екі тізгін бір шылбырды қолыңа ұстаттым ғой, маған неғыл дейсің, — деп күж ете түсті. Содан соң:

Қадірін білмеппін деп тірісінде,
Жылайды сорлы доцент мен өлгенде, —

деп өз мақамына салып өлеңдетіп кетті. Үй ішінде әрлі-бері теңселіп жүрді де, темекісін тұтаттырып жатып:

— Әй, доцент, түсіндің бе? Түсінбесең өз обалың өзіңе! — деп сұқ саусағымен мұрағат қағаздарын нұсқады. Баукеңнің мұнысы — ұрыс емес, айналайынға бергісіз көңіл күйі. Ол өзіне арнап 1947 жылы 6 желтоқсанда жазылған:

Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде
Деп жылар сорлы қазақ мен өлгенде.
Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,
Тарихтың түкпірінен сөз келгенде, —

деген бір шумақ өлеңі болатын. Бұл өлеңін Баукең көбінесе қасында жүрген бізге айтып отырған әңгімесінің түйінін дәл басып түсіне алмай қалған кезімізде өз мақамына салып өлеңдететін әдеті бар-ды.

Сол күннен бастап хаттар мен кейбір жеке қағаздардағы Баукеңе арналған арнау өлеңдерді сыйға берген блокнотқа көшіре бердім, көшіре бердім... Соңғы жылдары Бақытжанның қолында сақталып тұрған Баукең мұрағатындағы хаттардан да біраз арнау өлеңдерді жазып алдым, сол арқылы өлеңдер тобы да молыға бастады...

Бұл күндері қарасам, Баукең берген 360 беттік қойын дәптерім толуға айналыпты. Енді не істеу керек? Бұл арнау өлеңдердің бәрі де туған халқының аты аңызға айналған батыр ұлына деген жүрек жарды жан сезімі ғой. Халықтың қастерлеген жүрек сыйын, жан сөзін өзіне қайтару керек деген ойға келдім де “Халықтың сыйы” деген атпен 1984 жылы “Жалын” баспасынан жеке жинақ ретінде жарияладым. Бұдан соң да арнау өлеңдер тасқыны толастар емес, жыл өткен сайын молая түсуде.

Ал Баукең туралы жазылған естеліктер болса күнделікті баспасөз бетінде көптен бері-ақ жарияланып келеді. Жинақтағы естелік-эсселер негізінен Баукеңмен ұзақ жылдар бойы бірге болып, қоян-қолтық араласқан қанды көйлек майдандас жолдастары мен қаламдас дос-жаран інілері жазған еңбектерді ғана екшеп алып, оқырман назарына ұсынып отырмыз.

*Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.*

Құрманбек САҒЫНДЫҚОВ

ЕҢ АЯУЛЫ ДОСЫМ МЕНІҢ

Естелік дастан

Ескіліктен жаңалыққа

Шақпақ өңіріндегі Бала Құлан тауының төскейін мекендейтін Нұрабай ауылының адамдары түс қайта Қоңыртөбе түбінен ағып өтетін өзеннен бері шыға, жердің шаңын бұрқырата шауып келе жатқан салт аттыға аңыра қарап қалған-ды. Оның әкеле жатқаны қуаныш па, әлде күйініш пе, мұны әзірше ешкім білмейді. Қазақтың салтында жайшылықта естиярлы адам ешқашан да ауылға қарай шаппайды. Біраздан кейін байқадық, көк жорғасын үстін-үстін қамшылап, құйғыта түскен салт атты менің әкем Сағындық болып шықты. Біздің атамыз бен әжеміз:

— Әй, не боп қалды? — деп қосарлана дауыстады.

— Ештеңе де болған жоқ, — деп ентіге жауап қайырған әкем маған: — Дереву жуынып-шайын, балақай! — деп өмір етті. — Әулиеатадағы интернатқа оқуға баратын болдың!

Біздің үйдің маңына жиналып қалған жұрт көкемнің әкелгені жақсылық хабар екенін біліп, көңілдерін демдеді. Тек менің шешем ғана әбігерленіп жүр: мені дереу шешіндіріп, жуындырды, таза ішкіім кигізді. Тек сыртқы киімім мәз емес: үстімде тозығы жеткен көкшіл бөз шапан, басымда үлкен ағамның ескірген елтірі бөркі, аяғымызда жыртық шоқай.

Сәлден соң көкем мені артына мінгестіріп алды да, Бурное станциясына қарай тартты. Жол-жөнекей байтана тайпасындағы жездеміз Байдалының ауылына соқтық. Енді мен сол кісінің ерттеулі тайына мініп алдым. Ұзамай базар басындағы шайханада бізді күтіп отырған Сауранбай болыспен, Шақпақ өңірінің атқамінерлері Ақашпен және Асанқұлмен амандастық. Соңғы екеуінің ұлдары — Сейіткәрім мен Мақсұт та — Аса интернатына бармақшы екен.

Біз сәлден соң Әулиеатаға жүріп кеттік те, Күйік асуынан әрі өткеннен кейін қаңлы руына тән майда тайпасына жататын бір ауқатты шаруаның үйіне қонып шығып, ертеңіне сәске-түсте интернатқа барып жеттік.

Сол тұста уезд орталығы болған Әулиеатадағы Аса интернаты қаланың батыс жағында, Үшбұлақ деп аталатын атыраптағы қаңылтыр шатырлы үйлерде орна-

ласқан болатын. Қырғыз Алатауынан бастау алатын Күркіреу суы Күйік шатқалында Боралдай жақтан ағатын Теріс арнасына қосылады да, бұдан кейін Аса өзені боп аталып Қаратаудың солтүстік жағындағы Билікөлге барып құйылады. Алғаш рет бізді тәрбиелеп өсірген оқу орнының аты да, міне, осыған байланысты еді.

Интернат түлектері біздің топты жамыраса қарсы алды. Солардың бірі – мен құралпы, талдырмаш, аққұба бала қасыма жетіп келді; екі көзі танадай, қос жанары жарқ-жүрқ етеді. Ол менің бөз шапанымның әрбір жыртығын саусағымен нұқып, орысша: “Што это, што это?”, – деп қайта-қайта сұрай берді. Сірә, менің кейпім, әсіресе жыртық шапаным мен шоқайым өзіне тым сұмпайы көрінсе керек. Мен қатты қысылып, үнсіз төмен қарадым.

“Жаңа түскен келіннің бетін кім ашса, сол ыстық” дегендей, өзіме әбден ұнап қалған бұл бала екеуміз содан былай әбден таныс-біліс болып алдық. Өзінің аты Бауыржан, әкесі – құли тайпасына жататын сол өңірдегі дүйім жұртқа әбден танымал болған Момыш молда екен. Мен де өз әкемнен осынау әзіз кісінің есімін талай рет есіткенмін.

Он екі жасар қос құрбының – ешқашан да жұбы жазылмаған жуалылық екі достың – Бауыржан Момышұлы мен Құрманбек Сағындықовтың – өмір жолы, міне, осылай басталған.

Біздің өскен ортамыз

Жуалы, дәлірек айтқанда, Жуалы жайында халыққа кең тараған аңыз бойынша, жер жаннатын іздеп таппақшы болған Асанқайғы өзінің Желмаясымен түрлі-түрлі елдер мен мекендерді, асқар таулар мен кеңдарқан жазираларды кезіп жүріп, көркі әсем, шөбі шүйгін, суы нәрлі Жуалыны бір күнде аралап шығып: “Па, шіркін, шынайы ұжмақ дерлік әсем де көрікті өлке екенсің, бірақ аумағың аттың сауырсынына ғана сыярлық аядай жер болып шықты” деп өкініш білдіріпті.

Шынында да, айналасын қоршаған таулардың біріне шығып, көз жіберсең, бұл өңірдің деңгейін, шығысынан батысына дейінгі, солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі жер жазығын ешбір дүрбісіз-ақ зердеңе оп-оңай тоқып алуыңа болады.

Атақты Қаратаудың оңтүстік-батысынан шығысына дейінгі сілемдерін жергілікті халық Боралдай, Бақатай, Күйік деп атайды. Жуалының солтүстік жағындағы, батыстан шығысқа қарай ағып жатқан Терім суы Күйік тауының шығысында Алатаудың Көксай шатқалынан басталатын Күркіреу өзеніне құйылады да, бұдан әрі Жамбыл облысының (бұрынғы Әулиеата уезінің) жерінде Аса өзеніне айналып, солтүстікке қарай аға береді. Жуалының шығыстағы ең шеткі өңірінен ағып өтетін Күркіреу өзені нақ осы өңірде —Қазақстан мен Қырғызстанның ежелгі шекарасы.

Жуалының оңтүстік-батыс жағын көмкерген Қаратаудың Ұлы Құлан және Бала Құлан атты шатқалдары оңтүстіктегі атақты Алатауға жақындап барып бітеді. Жуалының нақ осы өңірі Шақпақ деп аталады.

Біздің ауданның Жуалы деп аталуының себебі — мұнда табиғи жуа мен сарымсақ көп өседі. Жұрттың бөріне таңсық, әрі денсаулыққа шипалы бұл өсімдіктердің өте-мөте көп шығатын өңірлері — ауданның батысында — Белқожа сазы, орта шенінде — Мыңбұлақ, шығысында Батырбек сазы деп аталады. Біздің ауыл Белқожа сазымен жапсарлас, ал Бауыржанның ауылы Мыңбұлақ өңірінде.

Этнографиялық жағынан алып қарайтын болсақ, ауданның батыс жағында Алексеевка, Казанка, орта шенінде Петровка, Кременевка, Бурно-Октябрьское, оңтүстігінде Евгеньевка дейтін ірі селолар бар. Бұл мекендерде негізінен орыстар мен украиндар тұрады. Аудандағы ірілі-ұсақты селолар мен деревнялар түгел алғанда жиырмаға жуық. Бұл мекендердің көпшілігіне орыс-украин қауымдарының ішіндегі өте-мөте даңқты деп танылған адамдардың есімдері берілген. Бұлардың ішінде екі селоның Бурно-Октябрьское мен Кременевканың — өзгеше аталған себебін түсіндіре кетейін.

Жуалының Мыңбұлақ өңірінен темір жол жүргізілген кезінде (1916—1917 жылдары) сол маңдағы жотада салынған станцияға Бурное деп ат қойған (қазақша боранды-дауылды деген сөз). Шынында да ауданның батыс жағынан жиі-жиі соғып тұратын жел жазда киіз үйдің түндігін түріп, қыста тас үйдің шатырын ұшырып кетерліктей айбарлы да күдіретті келеді. Осындай борандарға кезігіп үсіп өлген немесе мүгедек болып қалған салт аттылар мен жаяулардың саны қанша десеңізші!

Ал Кременевка немесе Кременовское деген атауды алатын болсақ, 1910 жылы (Бауыржан екеуміздің туған

жылымыз) Жуалыға қоныс аударып келген украиндар Шақпақ жотасының еңісіндегі Қоңыртөбе мен Үш-төбенің аралығында аталас туыстығына орай орналасып, үлкен село (поселке) салған. Бұл мекенді қалай атау керек деген мәселеге келгенде, түрлі-түрлі аталастар арасында бітіспес алауыздық туыпты. Сонда өзгелерден жасы үлкен, әрі қадірлі бір ақсақал орнынан тұрып, мынадай билік айтыпты: “Бұл жерді қырғыз (яғни қазақтар) қалай атайды екен, соны өз тілімізге аударып қолданайық, осыған көнесіңдер ме?” – деп сұрапты. Бұған бүкіл қауым ризалығын білдірген. Осы өңірде шақпақтас (орысшасы “кремень”) көп кездеседі. Ертеректе жергілікті тұрғындар от жағу қажет болған шақта тамыздығын шақпақ тастың ұшқынымен тұтатады екен.

Жуалының қазақтарын алатын болсақ, бұлар сан алуан рулардан құралған. Ауданның батыс жағында Боралдай тауы мен Қошқарата өзені атыраптарында негізінен сиқым руына жататын қусирақ ұрпағы және қаңлылар тұрады; Бұл өңір көбінесе мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы, ал оның ойпаңдары мен жоталарында егін де өсіріледі. Ауданның батыс жағындағы Ұлы Құлан мен Бала Құлан өңірлері де, солтүстіктегі Бақатай жоталары да осындай. Құлан тауларының баурайында негізінен сиқым, жаныс, шанышқылы, қаңлы рулары, Бақатайда шымыр тобына жататын қожық және құттық, Алатаудың солтүстік баурайында қаңлы руының бадырақ және сейітқұл ұрпақтары тіршілік етеді. Мыңбұлақ өңірінде негізінен шымыр руына жататын байтана құли ұрпақтары, ауданның шығыс жағында, Қырғызстанмен жапсарлас, Батырбек сазы деп аталатын аймақта жаңабайлар тұрады (бұлар да шымыр руына жатады). Осы арада айта кету керек, Кенесары – Наурызбайдың қырғыздарға қарсы жорығына қатысқан Байзақ датқаның қолы негізінен осы жаңабайлардан құралған деседі.

Бауыржанның әкесі Момыналы (Момыш) Имашұлы зерделі де ширақ, пайымшыл да алғыр кісі болған. Жастайынан ескіше оқып, білім алған; оның үстіне өмір бойы өздігінен оқып-үйреніп, жақсылық пен ізгілікті, парасаттылық пен адамгершілік үлгілерін көңіліне тоқи білген. Осыған орай ол кісі бүкіл Жуалы өлкесі былай тұрсын, Әулиеата өңіріне де, тіпті Түлкібас аймағына да “Момыш молда” ретінде әбден танылған кісі болатын.

Бауыржанның анасы Разиядан төрт қыз, бір ұл дүниеге келген. Үбіш, Үбиян, Сәлиман, Әлиман сынды қыздары бой жете бастаған шақта, жалғыз ұлы Бауыржанды туғаннан кейін, апасы дүние салған.

Әкесі Бауыржанға жастайынан-ақ арабша және орысша әліппені, арифметиканы үйрете бастаған. Қысқы кештерде ұлына қисса, өлең-дастан оқып беріп, көптеген ертегілер айтқан. Сонымен қатар Момыш жалғыз ұлын орысша оқып үйренуге талпындырады. Бұл ретте ол: орысша оқысаң, нақты білім аласың, көзін ашылады, айналандағы құбылыс пен тіршілікті дұрыс бағалай білесің деп иландырған. “Ал біздің молдаларды алатын болсақ, – дейді әкесі, – әпитек пен құранның кейбір аяттарын, сурелерін жатқа білгенімен, бұлардың мағынасына түсінбейді, байыбына бармайды. Ал орыс “молдасы”, яғни мұғалімі, жазуды да, кітап оқуды да, есеп шығаруды да дұрыс үйретеді, орысша сөйлейтін боласың, сонда өлкемізді мекендейтін қандай ұлт адамымен болса да түсінісе аласың... кейбіреулердің ойлағанындай, орысша оқып үйренген адам дін бұзар да, тіл бұзар болмақшы емес” дейді. Реті келгенде айта кету керек, менің әкем Сағындық мені ескіше оқудан шығарып алып, Әулиеатадағы Аса интернатына жібергенде мұны Момыш атамның айтқан ақылымен істеген-ді. Момыш ақсақал менің әкеммен Борный (Бурное) базарында бір кездескенінде “Заманың түлкі болса, тазы боп шал” деген. Енді бәріміздің ескіліктен жаңалыққа жаппай бет бұратын кезіміз келді. Баланды шала сауатты молдаға беріп, бір-екі жылды зая кетіргенің бекер болған. Ал менің Бәржаным (Момыш қарт өз баласын осылай айтатын Қ.С.) былтырдан бері Әулиеатадағы Аса интернатында оқиды” депті.

Алғаш Момыш қарт Бауыржанды Евгеньевка селосында тұратын орыс мұғаліміне беріп оқытқан. Мұның ақысына бір пұт ұн, екі пұт дән (бидай мен бұршақ) арнағанда, оқу кітабы мен қағаз-қарындашы үшін бір қой сойып берген. Бауыржан алғашында сол Евгеньевка селосының тұрғыны Гончаровтардың үйінде жүріп оқыған. Әкесі ұлының тамағына арнап бұл семьяға да бір қой сойып апарған.

Момыш әулеті Евгеньевка селосының байырғы тұрғыны Кузьма Гончаровтың семьясымен ортақтасып, көктемде жер жыртқан, тұқым сепкен, жаз бен күз айларында егін орағы мен жиын-терінді бірлесіп

жүргізген. Бұл ретте ортақтасу шарты мынандай болып келген: егістік жер Момыштікі, тұқымды екі жақ тепетең береді, ал күш-көлік Гончаровтікі. Екіншіік жұмысын Гончаровтың үйелмелі-сүйелмелі төрт ұлы, ал Момыш әулетінен оның туған інісі Момынкұл атқарып келген. Бұл жұмысқа қосқан артықша үлесіне қарай, Гончаровтар Момыштан қосымша ет пен сүт алып тұрған.

Бұл жағынан да біздің семьяларымыздың (Момыш пен Сағындық әулеттерінің) тіршілігі өте ұқсас. Көктемгі егіс пен егін орағы кезінде Момыштың семьясы Гончаровтармен ортақтасып келсе, біздің әулет Кременевка селосының ауқатты шаруасы Захар Сороканың семьясымен маусым сайын бірлесе тіршілік етіп жүрді. Бір айта кетерлік жайт, Захар Сороканың өзі де, оның мен құралпы ұлы Степан да қазақша судай білетін. Ол ол ма, әкей өзі де, ұлы Степан да қазақша өлендерді нәшіне келтіре жатқа айтушы еді.

Сөйтіп, көктемгі егіс кезінде Степан екеуіміз тырма тартамыз, ал егін орағы тұсында қос ат жеккен лобогрейканы (орақ машинасын) кезектесіп жүргіземіз, қырман басында десте бастырамыз, дән суарамыз, т.т. Бұл жұмысқа арагідік менің әкемнің інілері – Жүнісбек, Ұстай, Құлтай, менің ағаларым – Құрмаш пен Пармаш қатысып тұратын.

Ақырында, күз айларында егіннің барлық түсімін екі семья ешбір дау-дамайсыз тең бөлісіп алатын-ды...

Аса интернаты

Интернат Әулиеатаның Үшбұлақ дейтін өңірінде, бұрын орыс көпесінің меншігінде болған қаңылтыр шатырлары бірнеше үйде орналасқан-ды. Ауланың ортасындағы үлкен үйде жатақхана, кішілеу үйде үш оқу класы болатын. Бұлардан жарты километрдей жердегі оқшау үйде негізінен интернаттың оқу құралдары мен жабдықтары сақталатын. Интернат үйлерінің бәрі қаланың Полторацкая көшесінің бойында еді. Алғашында интернат тәрбиесіндегі балалардың саны жүзден асатын.

Бізге интернат меңгерушісі Уәли Байши дейтін татар жігіті орыс тілінен, оның зайыбы Хадиша қазақ тілінен сабақ беріп жүрді. Осынау ерлі-зайыптылар жөнінде менің жадымда сақталып қалғаны, күйеуі қаншалықты байсалды да салмақты болса, әйелі соншалықты

ұшқалақ, әрі ашуланшақ еді. Хадиша ханым өзіне ұнамаған баланы ешбір дәлелсіз “ит, шошқа, хайуан” деп тілдей бастайтын. Бұлар қалалық оқу бөліміне ұнамай қалды ма, әлде басқа бір себептен бе, өйтеуір, жарты жылдан кейін интернаттан кетті де, бізге енді Зейнолла Есімов дейтін зиялы кісі басшылық ете бастады. Ол интернаттағы төрт кластың шәкірттеріне қаланың байырғы мұғалімі Михаил Васильевич Пинчук дейтін кісіні орыс тілінен сабақ беретін етті. Бұл кісі орысшаны ғана емес, қазақ тілін де жетік білетін зерделі де инабатты ұстаз болатын. Интернатта бұрынды-соңды сабақ берген мұғалімдерден бұл кісінің ерекше бір қасиеті, сабағын әзірлеп үлгермеген немесе бұған салдыр-салақ қарайтын, тіпті рабайсыз сотқарлық жасайтын баланы қатты жазғырып та, тілдеп те көрген емес. Қайта, мұның керісінше, қандай бейбастақ, тәртіпсіз баланы болса да ақыл-парасатымен, бай-салдылығымен, салиқалығымен жөнге сала білуші еді. Осыған орай біз де бұл кісіні өте жақсы көретін едік...

Интернаттың қора сыпырушысы, әрі арбамен отын және азық-түлік тасушысы Дүйсен дейтін орта жастағы кісі еді. Мұның Сейсенкүл дейтін он жасар қызы да Бауыржанмен бірге екінші класта оқитын. Дүйсеннің өзіне тапсырылған толып жатқан жұмысты дер кезінде дұрыс атқаруына Жантай дейтін жасөспірім жетім бала көмектесіп жүрді.

Кейін бүкіл Әулиеата қаласында аты аңызға айналып кеткен осы Жантай туралы кейбір мәліметтер келтіре кетейік. Бұл ашаршылық жылдары қаршадай бала кезінде әке-шешесінен, туған-туысқандарынан айырылып, тақыр жетім болып қалған-ды, өзінің бір қабырға ағайыны мұны Әулиеатадағы бір туысына әкеліп тапсырған. Бірақ тұрмыс жағдайы адам айтқысыз нашарлап кеткен бала ол үйден біржола қашып шығып, панасыз балалар тобына қосылады да, бірде қайыр-садақа сұрап, бірде қалтаға түсіп, күнелтеді; есейе бастаған шағында өзбек саудагерлері мен қазақ байларына жалданып, әр түрлі жұмыс атқарады; кейінірек ішкі базар жалдаптарының жылпос та тындырымды қолқанат-шабарманына айналады.

Жантай туралы әңгіме етерлік жайттар көп.

Оның жиырмасыншы жылдары Бауыржан екеуімізге, отызыншы жылдары менің өзіме көрсеткен үлкен көмегі жайында ғана кейінірек осы естелік дастанның тиісті тарауларында баяндалмақ.

Интернатта жиырма екінші-жиырма үшінші жылдары Бауыржан екеуімізге ерекше қамқорлық жасап, қол ұшын берген, бізді көп нәрседен хабардар етіп, тәрбиешілік міндет атқарған апалы-сіңлілі Лена мен Маша туралы бір-екі сөз айта кетейін. Ә дегенде бұл екі қызды бір-бірінен ажырату өте қиын еді. Тек аңдап қарағанда ғана Ленаның әнтек ақсары, Машаның шикіл сары екенін байқайтынбыз. Бұлар біздің интернатқа комсомолдың жолдамасымен келген. “Компартия”, “Пионер” деген ұғымдарды да біз алғаш рет осы қыздардан есіткенбіз. Біздің орысша мүлде шала білетінімізді ескеріп, олар әр сөзін бізге ежіктеп түсіндіреді. Пролетариаттың көсемдері Карл Маркс, Фридрих Энгельс, Владимир Ильич Ленин туралы қабырғада ілулі тұрған портреттер бойынша, бізге қысқаша айтып берген де, кейінірек интернатта пионер ұйымын құруға жетекшілік еткен де осы қыздар.

Лена мен Маша оңаша қалғанда баяулата ән салады. Кейінірек білдік, екеуінің орындайтыны көбінесе орыстың халық әндері. Бізге көбірек ұнайтын “Көктемде күн күлімдеп, қарлығаш ұшар қалықтап” деген сөздермен басталатын өлең. Мұның себебі, сірә, осы тәріздес өлеңнің қазақша да кездесетіндігінен болуы керек. Бір айта кетерлік жайт, қыздар өздері ғана ән салумен тынбай, бізге де әнді нәшімен айтқызуды көздейді, түсініксіз немесе көмескілеу ұғымдар мен сөздердің мәнісін кездескен сайын құлағымызға құя береді. Біздей қарапайым қазақ балалары үшін мұндай кештердің пайдасы мен әсері ерекше болды.

Мен бірінші класта орыс тілі мен емлесінен алғашында қатты кібіртіктеп жүрсем де, кейінірек әбден машықтана бастадым. Орыс тілінде диктант жазғанда кететін қате бірден-бірге азая түсті, орысша сөйлеуге де төселе бердім. Қазақ тілінен ылғи алда болдым деп ұялмай айтуыма болады, бұған ескіше оқуымның септігі тигені де даусыз. Сонымен, орысша мен қазақшадан алған бағаларым жақсы және өте жақсы болып жүрді.

Оқудан босаған сәттерде біздер, интернат түлектері, әр түрлі қара жұмыс атқарамыз: күн сайын қораны қоқыстан тазартамыз, төсектеріміз бен жастықтарымызды, сейсептеріміз бен сүлгілерімізді сыртқа шығарып жаямыз, арықтар мен атыздарды, атқора мен дәретхананы тазартамыз. Бұдан кейін түлектердің дені қабілеттеріне қарай кітап түптейтін шеберханада, ағаш

ұсталығында, суретшілік студиясында жұмыс істеп машықтанады.

Қысқасы, алғашқы оқу жылында мен бірінші класты ойдағыдай аяқтадым, ал Бауыржан екінші кластан үшіншіге өтті. Интернат менгерушісі Зейнолла Есімов маусым айының аяғында бәрімізді жинап алып, үй-жайы бар балаларды бірінші шілдеден бастап тамыздың аяғына дейін ауылдарына барып қайтуларына рұқсат етілетінін, ешбір туысы жоқ тақыр жетімдердің интернатта қалатынын, ал барлық кластарда сабақтың ежелгісінше бірінші қыркүйекте басталатынын жариялады.

Жазғы каникул басталысымен-ақ бір топ бала Жуалыға, атап айтқанда, Бурное станциясына жету үшін Әулиеата темір жол станциясына бардық. Бұл топтың ішінде Бауыржан екеуімізден басқа қошқараталық сиқымдар Рысқұлбек Жолдыбаев пен Қабылбай Үсенов, бақатейлік қожық Дәулетжан Ыбырайымов бар. Ешқайсымыздың қалтамызда ақша дегеннен соқыр тиын жоқ. Бәріміздің ойымыз әр түрлі. Вагондарға үрланып мініп кету еді. Бірақ ешқайсымыздың жолымыз болған жоқ: әбден әккі болып алған кондукторлар бесеуімізді де пойыздан түсіріп тастады.

Бұдан соң бәріміз ақылдаса келіп, Жуалыға жаяу тартуға тәуекел еттік те, даңғыл жолға түсіп, Күйік асуына қарай беттедік. Біз Головачевка селосына жеткенде, кеш батып, ымырт жабыла бастады; сонда бәріміз Айша бибінің зиратына барып түнемекші болдық. Зиратқа жақындай бергенде, сол маңнан жылтыраған от көрінді де, соған қарай бұрылып, күзетшінің күркесіне тап болдық. Ерлі-зайыпты егде кісілер бізді жатсынып, алғашында кірпідей жиырылған еді, бірақ біздің мән-жайымызды білгеннен кейін жадырай бастады, тез арада бізді қуырған бидаймен қоректендірді де, жатып тынығуымыз үшін астымызға текемет төсеп берді.

Келесі күні елең-аланда біз қара жолға түсіп, Күйікке қарай беттедік. Тастақ жолмен өрге қарай жүру қандай қасірет десеңізші! Ешкімнің де аяқкиімі мәз емес: негізінен жыртық бәтіңке немесе көнетоз шоқай.

Күйік асуынан өтіп, жазық далаға жеткенімізше, біздің табанымыз ойылып қалды. Әсіресе қатты қасірет шеккен Бауыржан болды. Жерге сұлап жата кеткен серігім енді өздігінен ілгері аттап басуға да, менің

сүйемелдеуіме де көнбей қойды. Сондықтан бәріміз түгел аялдап, біраз тынығып алуға келістік. Бір тәуір жері, бірер сағаттан кейін бізге қала жақтан бір салт атты келіп жетті. Бауыржанның бағына қарай, жолаушы оның ауылдасы, әрі ағайыны болып шықты да, ол біздің талдырмаш серігімізді атына мінгестіріп әкетті. Енді қалған төртеуіміз жолға шықтық. Мен өздігімнен Шақпаққа қарай тіке тартпай, үш жолдасымның азғыруына көніп, өз ауылымнан едәуір қиыстап кеттім. Ал ауылға төтесінен тартқанымда кеш батқанша барып жететін де едім. Бірақ енді төртеуіміз де кешті орта жолда батырып, елсіз даладағы егістік басында түнеуге тиіс болдық. Содан елең-алаңда ояндық. Бақсам, Төскейдегі өз мекенімнен онша алшақ кете қоймаппын, қайта ауылдың нақ өкпе тұсында екенмін. Үш жолдасыммен қош айтысып, мен өз мекеніме тіке тарттым да, Қабылбай мен Рысқұлбек Боралдайға, Дәулетжан Бақатейге қарай беттеді...

Демалыс біткеннен кейін интернат түлектері түгел бас қосып, бәріміз сабаққа әзірлене бастағанбыз. Ұзамай біздің мұғаліміміз Пинчук бірінші класты бітірген шәкірттерді түгел жинап алды да, диктант жаздыра бастады. Мұның өзі бір жағынан өткен сабақты пысықтау болса, екіншіден, бірінші класты өзге мектепте бітіріп, бізге келіп қосылған жаңа шәкірттердің білімін сынақтан өткізу тәсілі еді.

Біздің дәптерлерімізді жинап әкеткен мұғаліміміз Василий Михайлович ертеңіне класқа кіріп, бізбен сәлемдесіп болғаннан кейін:

- Сағындықов Құрманбек! — деп дауыстады.
- Мен! — деп орнымнан ұшып тұрдым.
- Сен үшінші класқа бар, — деді ол.

Үшінші кластағы шәкірттер саны небәрі он төрт екен, кірген бетте бос орын іздеп, бөлмені көзіммен шолып өттім. Ең алдымен шеткі партада отырған Бауыржанды, оның қасындағы қараторы талдырмаш қызды көзім шалды. Мен бұдан былай осы класта оқытынымды айтып едім, Бауыржан жалма-жан қасындағы қызға:

— Сейсенкүл, сен Қабылбайдың қасына барып отыр, енді бұл орын Құрманбектікі болады, — деді.

— Қасыма келіп отыр, Сейсенкүл, ұялма, — деді де Қабылбай енді мұнаған қарап: — Екінші класты аттап өткенін қарашы мұның. Білгіш болсаң, көбейту кесте-

сіне де жетік шығарсың. Жеті жерде жеті қанша болады? Айта қойшы.

— Оны білемін ғой, — дедім мен салмақпен.

— Бұдан сабақ сұрайтын мұғалім бе едің сен! — деп шүйілді Бауыржан Қабылбайға.

Сол арада класқа мұғалім кіріп келді де, өрши бастаған егес кілт тына қалды.

Міне, нақ осы сәттен бастап орта мектепті бітіргенге дейін Бауыржан екеуіміздің жұбымыз жазылған емес. Сабақ оқитын партамыз бір болды, асханада бірге отырып, дәл бір мезгілде тамақтандық, ұйықтайтын төсегіміз қатар тұрды, әсірелеп айтқанда, әрқайсымыз егіздің сыңарындаймыз, әрі арамыздан қыл өтпестей тату болдық, бір үзім нанды бөліп жеп, бір жұтым суды бөліп іштік...

Екеуіміздің сабақтағы үлгеріміміз де, әр түрлі пәндерден алған бағамыз да жақсы болып жүрді, тек Бауыржан арифметикадан, мен қазақ тілінен әрдайым үздік баға алатын едік.

Біз 1923 жылы апалы-сіңлілі екі қыз — біздің тәрбиешілеріміз Лена мен Машаның — ақыл-кеңесі бойынша жас ұландар (пионерлер) қатарына өтіп, мойнымызға қызыл галстук тақтық...

Кейін лениншіл жастар одағының мүшелігіне өтіп, комсомол атандық. Бұл жылдары Жуалыдан бізді іздеп келушілер көбейе берді. Мұның өзі ел-жұртымыздың, жақын туыстарымыздың әлдене бастауының айқын айғағы еді. Бұл ретте біздің қарнымыз тояды, шексіз қуанышқа бөленеміз, қалтамызға тиын-тебен де түседі. Әсіресе алғаш рет Момыш атам мен ол кісінің зайыбы Бауыржанның екінші шешесі, кейінірек менің әкем мен анам келгенде екеуіміздің төбеміз көкке жеткендей болды. Бұл оқиғалар біздің достығымыз бен туыстығымызды дәнекерлеп, шындай берді. Сол кезден бастап Момыш ата мені өз баласынан, ал менің әкем Бауыржанды өз перзентінен артық санамаса, әсте кем деп білген емес...

Жиырма бесінші жылғы күзде Аса интернатының төртінші класын аяқтаған балалар, бұлардың ішінде Бауыржан екеуіміз де бармыз, Қала интернатына ауыстық. Әулиеатаға, өзге де ірі-ірі елді мекендерде, атап айтқанда, Шу мен Меркеде, бастауыш мектептерді бітіріп келгендер көп екен. Тамыз айының екінші жартысында Қала интернатының үлкен залында емтихан басталып, оған жүзден астам шәкірт қатысты.

Ең алдымен, интернат меңгерушісі Садық Абыланов қандай пәндерден емтихан алынатынын, бұған қатысатын сарапшы мұғалімдердің аты-жөнін айтып өтті. Содан кейін іле-шала мұғалім Павел Егоров арифметикадан екі түрлі есепті бізге жайлап айтып жаздырды. Енді бәріміз алдымыздағы дәптерлерімізге үңіліп, ойланып-толғана бастадық. Мен бірінші есепті тез-ақ шығарғанымымен, екіншісіне келгенде кібіртіктеп қалдым.

Соның артынша менің қасымда отырған Бауыржан:

— Мен шештім, — деп дауыстады.

Меңгеруші мен мұғалім:

— Екеуін де ме? — деп жарыса сұрады.

— Екеуін де.

Тексере келгенде Бауыржанның шешімі дұрыс болып шықты білем, Садық Абыланов пен Павел Егоров кезек-кезек бастарын шұлғыды. Соның артынша меңгеруші:

— Аса интернатының түлегі Бауыржан Момышұлы екі есепті де бірінші болып дұрыс шешті, — деп жариялады.

Сонымен, Бауыржан арифметикадан, мен диктанттан үздік баға алып, бесінші класқа өттік.

Қала интернатында жаңа оқу жылының басталғанына көп болмай-ақ Шымкенттегі губерниялық халық ағарту бөлімінен келген жарлықта бесінші кластың шәкірттері, Шымкенттегі қазақ орта мектебіне тез жіберілсін делініпті. Бір-екі күннен кейін интернаттың он бір шәкірті — бұлардың ішінде Бауыржан екеуімізден басқа Ораз Байшымыров пен Сейітқасым Көлбаев, Дәулетжан Ыбырайымов пен Тәуірбек Әшімов бар, бір тәуліктен кейін Шымкенттегі орта мектепке барып жеттік. Бізге арнаулы жатақхана әзірлеп қойған екен, бәріміз тез-ақ орналастық. Сырттан біздің тобымызға қызылордалық Әбділда Тәжібаев, меркеліктер Шерәлі Досмұхамбетов пен Арынғазы Қонысбаев келіп қосылды.

Біздің лауазымды ұстазымыз әрі жетекшіміз Сейілбек Үсенов бұрынғы бастауыш оқу орнының орта мектеп болып қайта құрылғанын, бұл ретте біздің бесінші класс жетекші роль атқаратынын, атап айтқанда, сабақты жетік білу, түрлі пәндерді байыптап оқып үйрену, қатаң тәртіп сақтау жағынан төменгі кластардың шәкірттеріне үлгі-өнеге көрсетіп отыру қажеттігін баса айтты.

Ұзамай сабақ басталып та кетті. Әр түрлі пәндерден білім беретін ұстаздарымызды да танып білдік. Орыс тілінен сабақ беретін мұғалім М.Горшков — салмақты

да салиқалы ұстаз; шәкірттеріне, тіпті шөлкес мінезділеріне де зекіп сөйлеу дегенді білмейді. Бәріміз бұл кісіні шын жүректен қадірлеп, ұлағатты сөзі мен ақыл-кеңесін бұлжытпай орындап жүрдік. География маманы А.Аггеев — қазақ тілін де жетік білетін кісі. Кейде өз пәніне байланысты жайттар мен ұғымдарды орысша түсіндіре келіп, ойда жоқта қазақша сөйлеп кетеді. Бұл ретте әрбір сөзі мінсіз де жатық болып шығады. Осынау ұстазымызға байланысты айта кетерлік бір жайт, қыстың күні, Шымкент жағдайында анда-санда кездесіп қалатын қақаған аязда да, сыртқа жалаң бас шығады, шашын әрдайым ұстарармен қырғызатын айнадай жалтыр басының суыққа қалайша шыдайтынын білмек болып, бірде жақауратып жөн сұрағанымызда ең алдымен орыс тілінде, онан соң қазақша нақыл сөзбен жауап қайырды:

— Қарның әрқашан аш, басың жалаңаш болсын, тек аяғыңды жылы ұстағайсың...

Бірде Александр Александрович бізге өз мекеніміздің, туып өскен жеріміздің географиялық жағдайын қысқаша суреттеп жазу жөнінде тапсырма берді де, суреттеменің соңынан біздің әрқайсымыздың аты-жөнімізді толық жазуымызды өтініп сұрады.

Келесі сабақта А.Аггеев тапсырманы кімнің қалай орындағанын, осыған орай кімге қандай баға қойылғанын айтып шықты да, маған қарап, шамбайыма батарлық үлкен ескертпе жасады:

— Сен өзің фамилияңды теріс жазады екенсің. Сенің әкеңнің аты, өзің жазғандай, Сагиндик емес, Сағындық қой, неге қате жазасың?

— Орыс грамматикасы бойынша, “г” әрпінен кейін “ы” таңбасы жазылмайды дейді ғой.

— Орыс грамматикасында шаруаң болмасын. Сен бұл ретте қазақша қолдан. Әкең Сағындық болса, соны айнытпай жаз. Сенің жерлесің Бауыржан өз фамилиясын “Момышұлы” деп алыпты ғой. Мұның өте дұрыс.

Таңертең ертерек оянған біреудің дыбысымен бәріміздің ұйқымыз тез-ақ ашылып кетеді де, өзара сөйлесе бастаймыз. “Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады” дегендей, бірде ішіміздегі ең үлкеніміз, шынында сол кезде жасы жиырмадан асып та кеткен Шерәлі Досмұхамбетов дейтін еңгезердей ақсары жігіт, өз

төсектерінде манаурап отырған балаларды көзімен бір шолып шықты да, Бауыржанға қадала түсіп:

— Қарандаршы, балалар, мына Бауыржанның көздері құдды үкінің көздеріндей екен, — деді.

Мұндай алып-қашты әңгімені іліп өкететін қағылез де тілмар Дәулетжан Ыбырайымов:

— Үкісі несі? Онан да жапалақ десеңші! — деп қосарланды.

— Ой оңбаған! — деп ызаланды Бауыржан.

Дәулетжан Қаратау өңірінде атағы шығып, көпке танылған суырып салма ақын, әрі термеші Ыбырайым деген жыраудың баласы болатын. “Ақыл ауысады, ырыс жұғысады” дегендей, әкесінен дарыған өнері болуы керек, Дәулетжан менің досыма ежірейе қарап, тақпақтай жөнелді:

Жапалақ, жапалақ,
Бас терің сенің сабалақ,
Бүйіріңнен бір тепсем,
Зар жыларсың апалап...

— Әй, қойсаңшы сен! — деп шүйліктім мен Дәулетжанға. Сонда есіріп алған ол тағы да тақпақтай жөнелді:

Қызыл бет, қызыл бет,
Мен адам, сен төбет,
Әуілдеп үрместен,
Сен өзің әрмен кет!..

— Көні, термелеріңді тағы да қайталашы! — деп мен Дәулетжанға жақындадым.

— Е, қайталамағанда ше!

Жапалақ, жапалақ...
Қызыл бет, қызыл бет...

Мен дереу “термешінің” қасына жетіп барып, екі бүйірінен бар пәрменіммен түйіп-түйіп жіберген едім, Дәулетжан төсегінің үстіне сұлап түсті.

— Құрмаш-ау, өлтірдің ғой оны! — деді Әбділда ілешала.

— Өзіне де сол керек! Бұларды нахақтан жәбірлегені үшін сазайын тартты да, — деп төрелік айтты Шерәлі.

Бауыржан екеуімізге осынау жанама аттар Әулиеатада оқып жүрген кезімізде-ақ тағылған болатын. Бұл аттар-

ды екеуімізге алғаш рет теліген өзіміздің жуалылық Рысқұлбек Жолдыбаев болатын. Бірде ол, нәубетші ретінде, әдеттегідей қоңырау шалып, біздің бөлмеге кірді, интернат түлектері ұйқыларын аша алмай, манаурап отырған сәтте ол Бауыржан екеуіміздің тұсымыздан өтіп бара жатып, жерден жеті қоян тапқандай, лепіре сөйледі:

—Балалар, мына екеуіне қараңдаршы: бірінің дөңгелекше көздері шатынап барады, құдды жапалақ тәрізді, екіншісінің апорт алма тәрізді қып-қызыл бетінен қаны тамып тұрғандай.

Осыдан кейін-ақ балалар арасында жиі-жиі болып тұратын ұрыс-керіс кезінде бізді мұқату үшін қарсыластарымыз Бауыржанды “жапалақ”, мені “қызыл бет”, — деп атайтын болған.

Бізге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін ұстазымыздың түсіндіруінше, қазақта Ахмет Байтұрсыновтан асқан ғалым — тіл маманы жоқ, Мағжан Жұмабаевпен тең түсетін ақын жоқ.

Біз Шымкентте оқып жүрген жылдары асқан ақын, әрі революционер Сәкен Сейфуллиннің өлеңдері, “Тар жол, тайғақ кешу” атты эпопеясының үзінділері қазақ тілінде шығып тұратын газеттер мен журналдарда басыла бастаған-ды. Бұлардың бәрін де, сол кездегі жас түлектер, құштарлана, қызыға оқып тұратынбыз. Сабақтан босаған кезімізде бір топ бала — Бауыржан, мен, Ораз, Сейітқасым, Диқанбай — мектептің батыс жағындағы көгөрай шалғынды дөңеске шығып алып, Сәкеннің, басқа да қазақ жазушыларының өлеңдері мен жырларын, поэмалары мен дастандарын оқып жүрдік. Мұның өзі біздің сана-сезіміміздің, талғампаздығымыз бен пайымшылдығымыздың өткірлене түсуіне үлкен септігін тигізді.

Демалыс пен мейрам күндерінде, не кешкі мезгілдерде Бауыржан екеуіміз оңаша, кейде Ораз бен Сейітқасым төртеуіміз қыдыратынбыз. Біздің әрқайсымыздың бойымызда достықты дәнекерлей түсетін де, кейде бірімізден бірімізді алшақтатып жіберетін де қасиеттер мен мінездер бар екенін біз іштей сезетінбіз. Мәселен, біз Бауыржан екеуіміздің бойымызға біткен мінез-қасиет, өзіміздің кәміл сенуімізше, үйлесімді де жарасымды; бұл жағынан Ораз бен Сейітқасым арасында жарасымдылықтан алшақтық басым болатын. Мәселен, Сейітқасым салмақты да байыпты, ілтипат-

шыл да биязы. Ал Оразды алатын болсақ, о жар да ұрыншақ. Ол кешкі серуен кездерінде сәндік үшін қолына таяқ немесе шыбық ұстап жүреді де, қарсы кездескен қыз-келіншектердің тұсынан өте берген кезімізде Ораз, әйтеуір, біреуін шыбығымен немесе таяғымен бір тұртпей қоймайтын. Әрине, жолдасымыздың осынау оғаш мінезін үшеуіміз де ұнатпайтынбыз. Сонымен қатар оның бойында жайдарылық, байыптылық, білгірлік, өткірлік сияқты қасиеттер де аз емес-ті. Бауыржан екеуіміз көбінесе олардан онаша, оқшау жүруді қалайтынбыз. Оның үстіне біз ортақ тиын-тебенімізді бұрынғыша тек қажетімізге жұмсауды жөн деп білетінбіз.

Сол тұста өзге құрбыларымыздың ішінде бізге Әбділда Тәжібаев көбірек ұнайтын. Өзі ақындығы таныла бастаған зерек те зерделі, шешен де ділмар бала болатын. Оның өлеңдері сол кезде-ақ “Ақ жол” және “Лениншіл жас” газеттерінде басылып жүргенді. “Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі” дегендей, өз перзентін ізгілік пен білгірлікке, ақындық пен шешендікке баулап өсірген ардақты анасы, оқығаны мен көңілге тоқығаны көп Айманкүл апамыз. Әкесінен нәресте кезінде айрылған Әбділда үлкен дертке шалдығып, өмірден күдер үзерлік халге жеткен шағында тек абзал анасының аялы қамқорлығының, күдіретке теңерлік, шексіз шарапатының арқасында ғана ажалдан аман қалған. Әбділданың ертегі-дастанға лайықты екінші кейіпкері – сол тұста Сыр бойындағы қауымға батырға біткен мінезімен танылған, әрі палуан, әрі боксер Дайрабай. Әбділданың дәріптеуінше, жұдырығы шоқпардан да пәрменді, шойыннан да берік, қарсыласын бір соққанда-ақ сұлатып тастайды екен. Бұдан мертiгіп қалғандар да аз болмапты...

Әбділдаға байланысты сол кездегі бір оқиғаны айта кетейін. Біздің мектепте шәкірттер қора тазалаудан бастап тағам әзірлеуге, түлектерге сыбаға үлестіруге дейінгі барлық жұмысты өздері атқаратын. Осыған байланысты бәріміздің үстімізден қарайтын “әкім”, сол кездегіше атағанда – “конторхоз”, яғни тамақ үлестірушіміз Арыстанов Қасабек деген шымыр денелі, кеспелтек, түркістандық жасөспірім еді.

Сол Қасабектің қызметіне байланысты оның өзі жоқта бір қу бала ет турайтын тақтайдың бетіне сиялы қарындашпен мынадай өлең жазып кетіпті:

Қызыл туды көтерген азаматтар жасасын,
Конторхоз етіп қойыпты Арыстанның Қасасын,
Жабайы өскен далада айуандарша –
Қарашы Қасекеннің ет асасын...

Өлеңнің кейіпкері, яғни Арыстанов Қасабек, өзін даттаушының кім екенін сұрастыра бастағанда, оның бір сыбайласы: “Бұл мектепте Әбділда Тәжібаевтан басқа ешкім жоқ, ал оның өлеңдерін біз газеттерден оқып жүрміз ғой” депті. Сол – сол-ақ екен, Қасабек түскі тамақтан кейін өзінің он шақты түркістандық ниеттесін жинап алып, біздің бөлмеге жетіп келді де, Әбділданы шақырды. Біз Қасабек тобының ниетін танып білгеннен кейін, Әбділданы олардан арашалап алуды көздедік те: жолдасымыздың ақын екені рас, бірақ сендер оқыған жаман шатпақты Әбділда өсте жазбайды, оның жазатыны әдемі өлеңдер дегенімізге түркістандықтар көне қоймады да, есік алдында бізге қыр көрсете берді. Сонда қапсағай да қайратты Шерәлі екі білегін сыбанып алып, қыр көрсетушілерге жетіп барды:

– Айтқан сөзге көнбейді екенсіңдер, онда бері келе қойыңдар: бір өзім-ақ бәріңе төтеп беремін! – деді ол.

Шерәлінің айбатынан қаймыққан даукестер тобы көзді ашып-жұмғанша тарап кетті.

Шерәлі Әулиеата уезіне қарасты Меркі болысынан, ауқатты шаруаның баласы. Аштық пен жоқшылықтың зардабын көрмеген, еркебұлан сері жігіт еді. Өзінің көрген-білгенін айтқанда, әңгімесін бәріміз ұйып тыңдайтынбыз. Өз құрбысымен бірге талай-талай есерлік пен сотқарлықты істеп баққан, ұрлық пен барымтаға қатысқан...

Шымкентке бізбен бір мезгілде келіп, бесінші класта оқи бастаған тағы бір меркелік – Арынғазы Қонысбаев. Бәрімізден бойы аласа, жасы да кіші. Ұзамай мұның аса дәулетті шаруаның баласы екенін Шерәліден естіп білдік. Арынғазының айтуынша, әкесінің небәрі жеті-ақ мың қойы болған, сондықтан ол орта шаруалар санатына, тіпті кедейлер тобына қосылады-мыс, өйткені он бес жиырма, отыз мыңға дейін қойы барлар Меркіде көп болған!..

Реті келгенде сол Арынғазыға байланысты бір кіші-гірім оқиғаны айта кетейін. Біз Шымкентте оқи баста-

ған бірінші жылдың орта шенінде каникул (демалыс) басталып, Бауыржан екеуіміз ауылға поезбен жетпекші болдық та, станция басына бардық. Арынғазы Қонысбаев та сонда жүр екен, үшеуіміз поезға билет сатып алу үшін кассаға жақындадық. Арынғазы: “Маған да бір билет ала сал, мені жас бала дейсің” деп Бауыржанға ақшасын ұсынды. Билетін Арынғазыға ұстатты да, Бауыржан жымия күліп:

— Жаңағының елу тиынын олжалап қалдым, — деді маған.

— Қалайша?

— Бала билет ал деді ғой өзі.

Соның артынша біздің қасымызға жетіп келген Арынғазы Бауыржанға шүйлікті:

— Сен менің ақшамды жеп қойыпсың!

Қипақтап қалған Бауыржан қызарып кетті.

— Соншалық көп ақша ма?

— Елу тиын.

— Неге дікендейсің? Жаңылысқан болар. Ал шындығында сен, бойыңның аласалығы болмаса, бізден сәл ғана кішісің, сондықтан бала билет алуға сенің ешқандай правоң жоқ! — дедім мен айбарланып.

— Мә, ендеше, ала ғой, — деп Арынғазы Бауыржаннан қайтып алған елу тиынды енді маған ұсынды.

— Жоқ, ендігі жерде біз сенен бір тиын да алмаймыз! — дедім мен теріс айналып. — Мұны басыңа шайнап жақ, әйтпесе жеті мың қойыңның саны кеміп қалар...

Мұңайып қалған досым былай шыға бергенімізде баяулап үн қатты:

— Қүреке!

— Не айтасың Бауке!

— Екеуіміз ендігі жерде ешкімнің бір тиын да ақшасын жемеуге ант-су ішейік. Мақұл ма?

— Жарайды, Баукешім.

Сол арада екеуіміз қол алысып, әрқашан адал да әділ болуға, өзгенің дүниесін иемденбеуге, ақысын жемеуге серт байластық.

Осылай етуімізге себепкер болған Арынғазы Қонысбаев келесі жылы Шымкенттегі мектепке қайтып оралған жоқ. Кейінірек біз оның Москвада оқып жүргенін естіп, білдік.

Келесі оқу жылында екеуіміз де үздік бағамен алтыншы класқа өттік. Айта кету керек, Бауыржан математика